

**Бастапқы медициналық-  
санитариялық көмек көрсету  
деңгейінде ұйымдастыру.**

Орындаған: Асан Ә.М  
Қабылдаған: Мараловна А.

- Бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсету (БМСК)
- жалпы денсаулық сақтау жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Тиімді медициналық-санитарлық алғашқы көмек халық денсаулығын жақсартуды, пациенттердің қанағаттанушылығын және денсаулық сақтау саласына жұмсалатын жалпы шығындарды азайтуды қамтамасыз етеді

- Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасында МСАК-ты одан әрі дамыту алғашқы буындағы әмбебап, интеграцияланған, әлеуметтік бағдарланған, қолжетімді және сапалы медициналық көмекті дамытуға бағытталған шараларды тереңдетуді көздейтіндігі көрсетілген.

- Емханалық ұйымдардың қалалар аумағы бойынша географиялық орналасуы халықтың тұрмысы өте төмен жіктері мен мүмкіндіктері шектеулі тұрғындарын да қолжетімді медициналық көмекпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді
- БМСК-ні учаскелік терапевтер, педиатрлар, жалпы практика дәрігерлері, фельдшерлер, акушерлер мен мейірбикелер көрсетеді

- Халықаралық тәжірибе медициналық-санитариялық алғашқы көмекті жетілдіру бойынша денсаулық сақтау бағдарламаларының нәтижелілігі мынадай медициналық-ұйымдастырушылық технологияларға байланысты болатынын көрсетеді:
- 1) дәлелді медицина қағидаттары негізінде персоналды оқыту технологиясы;
- 2) алғашқы буында отбасылық қағидат бойынша халыққа медициналық қызмет көрсету технологиясы;
- 3) жеке және қоғамдық денсаулықты қалыптастыру процесіне халықты тарту технологиясы.

- Медициналық-санитарлық алғашқы көмек ұйымдарына азаматтарды бекіту тұрақты немесе уақытша тұрғылықты, жұмыс істейтін, оқитын жері бойынша бір әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде дәрігерді, медициналық ұйымды еркін таңдау құқығы негізінде жүзеге асырылады. Азамат дәрігер мен емхананы еркін таңдаған кезде емханаға бекітілу жылына бір реттен жиі емес жағдайда жүзеге асырылады. Азаматтардың емханаға бекітілуі МӘМС жүйесіне қатысу үшін өте маңызды болып табылады. Өйткені емхана арқылы денсаулық сақтау жүйесіне, атап айтқанда, болашақ сақтандырылған азаматтар үшін – сақтандыру медицинасы шеңберінде медициналық қызметтер пакетіне қолжетімділік ашылады.

- БМСК шеңберінде мынадай:
- профилактикалық,
- диагностикалық,
- емдік,
- уақытша еңбекке жарамсыздық сараптамасы бойынша қызметтер түрлері көрсетіледі.

- Профилактикалық қызметтер: профилактикалық тексерулерді, иммундауды, саламатты өмір салтын қалыптастыру мен насихаттауды, ұтымды және дұрыс тамақтану жөніндегі ұсынымдарды, отбасын жоспарлауды, диспансерлеуді және динамикалық байқауды, жүкті әйелдерді, балаларды, оның ішінде жаңа туған нәрестелерді патронаждауды, әлеуметтік-психологиялық консультация беруді қамтиды.



- Диагностикалық қызметтер: БМСК маманының тексеруін, зертханалық және аспаптық зерттеулерді қамтиды.
- Емдік қызметтер: жедел және шұғыл медициналық көмек көрсетуді, денсаулық сақтау саласындағы стандарттарға сәйкес емдік манипуляцияларды, белгілі бір аурулары (жай-күйі) бар азаматтардың жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікті дәрілік заттармен және амбулаториялық деңгейде арнайы емдік өнімдермен қамтамасыз етуді қамтиды.

- БМСК көрсету кезінде уақытша еңбекке жарамсыздық сараптамасы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Жеке тұлғаның еңбекке жарамсыздығын ресми тану және оны ауыру кезеңінде еңбек міндеттерін орындаудан уақытша босату мақсатында уақытша еңбекке жарамсыздық сараптамасын дәрігер жүргізеді.

- БМСК азаматтарға:

1) бекіту фактісіне қарамастан шұғыл және жедел медициналық көмек көрсеткен жағдайда;

2) жоспарлы түрде – бекітілуі, алдын ала жазылуы немесе жүгінуі бойынша көрсетіледі.



- Ауруының жағдайы мен сипатына байланысты БМСК ұйымына қабылдауға келе алмайтын азаматқа БМСК мамандары не шақыру тіркелген күні БМСК мамандарының өтінімі бойынша бейінді мамандар медициналық көмекті үйде көрсетеді.
- Дәрігерді үйге шақыру жеке тұлғаның немесе оның өкілінің БМСК көрсететін медициналық ұйымға тікелей өтініш жасауы, телефон байланысы арқылы не электрондық цифрлық қолтаңбасыз «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы электрондық форматта жүзеге асырылады.

БМСК Халық саны		Аурушандық (Заболеваемость)				Аурушылдық (Болезненность)			
		2014ж		2015ж		2014ж		2015ж	
		абс.	100М ЫН	абс	100 МЫН	абс	100МЫН	абс	100МЫН
№1	15120	1	6,8	-	-	1	6,8	-	-
№2	16363	1	4,8	-	-	1	4,8	-	-
№3	17098	1	7,5	-	-	1	7,5	-	-
№4	11044	-	-	2	18,1	-	-	2	18,1
№5	26020	1	5,0	1	3,8	2	10	1	3,8
№6	24110	-	-	3	12,4	-	-	3	12,4
№7	22851	4	25,3	-	-	4	25,3	-	-
№8	28597	1	3,6	4	14,0	3	10,8	4	14,0
№9	23936	-	-	2	8,3	-	-	2	8,3
№10	25061	1	4,4	2	8,0	2	9		

# Анықталуы



	2014ж		2015ж	
	саны	%	саны	%
Проф.тексеру	11	71,4	12	58,3
Өздері каралу	4	28,5	7	41,6



## Қорытынды:

- Пациентке қамқорлық көрсету- пациенттердің қолжетімді, уақытылы, қауіпсіз және сапалы медициналық көмек алу құқығын жүзеге асыру.
- Заңдылық – пациенттердің денсаулығын қорғау саласы бойынша қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді орындау.
- Емхана қызметкерлерінің біліктілігін үнемі арттырып отыру.